

Жоғары білімі бар кадрларды даярлауға 2024 - 2025 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы

Маңғыстау облысы әкімдігінің 2024 жылғы 19 шілдедегі № 122 қаулысы

Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңының 6-бабы 2-тармағының 8) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің "Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының дайындық бөлімдеріне, сондай-ақ мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға, орта білім беруге және қосымша білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларын бекіту туралы" 2016 жылғы 29 қаңтардағы № 122 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 13418 болып тіркелген) сәйкес Маңғыстау облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес жоғары білімі бар кадрларды даярлауға 2024 -2025 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы бекітілсін.

2. "Маңғыстау облысының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулыға қол қойылған күннен бастап бес жұмыс күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі электрондық түрдегі көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынның Маңғыстау облысы бойынша филиалына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;

2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Маңғыстау облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары З.Т. Есбергеноваға жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Маңғыстау облысының әкімі

Н. Қилыбай

Маңғыстау облысы әкімдігінің

2024 жылғы "19" шілдедегі

№ 122 қаулысына

қосымша

Жоғары білімі бар кадрларды даярлауға 2024-2025 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы (жергілікті бюджет есебінен)

№	Білім беру саласының коды және атауы	Даярлау бағытының коды және атауы	2024-2025 оқу жылына мемлекеттік білім беру тапсырыс көлемі	Оқу жылы/ жылына 1 студентті оқытуға жұмсалатын орташа шығыстар (мың теңге)	
				ерекше мәртебесі бар жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары	басқа жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары
1	6B02 Өнер және гуманитарлық ғылымдар	6B021 Өнер	21	1 209,3	1 055,9
2	6 B 0 7 Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары	6 B 0 7 1 Инженерия және инженерлік іс	1	1 111,4	1 009,6
		6B073 Сәулет және құрылыс	1	1 111,4	1 009,6
3	6B08 Ауыл шаруашылығы және биоресурстар	6 B 0 8 1 Агрономия	3	933,6	831,8
		6B083 Орман шаруашылығы	3	933,6	831,8
		6B084 Балық шаруашылығы	2	933,6	831,8
		6B086 Су ресурстары және суды пайдалану	1	933,6	831,8
		6 B 0 8 7 Агроинженерия	2	933,6	831,8
4	6B10 Денсаулық сақтау	6 B 1 0 1 Денсаулық сақтау	140	1 230,7	1 218,3
5	6B11 Қызмет көрсету	6B113 Көлік қызметтері	1	905,8	803,9
	Барлығы		175		